

Зоологиялық коллекциялар жинау мен мемлекеттік есепке алу қағидасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 18-03/118 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 5 мамырда № 10935 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Заңының 9-бабы 1-тармағының 64) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Зоологиялық коллекциялар жинау мен мемлекеттік есепке алу қағидасы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңамада белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауыл шаруашылығы министрі *Қазақстан Республикасы*
А. Мамытбеков

« К Е Л І С І Л Г Е Н »

Инвестициялар және даму министрі
Қазақстан Республикасы
Ә. Исекешев

2015 жылғы 30 наурыз

« К Е Л І С І Л Г Е Н »

Ұлттық экономика министрі
Қазақстан Республикасы
Е. Досаев

2015 жылғы 1 сәуір

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

А у ы л

ш а р у а ш ы л ы ғы

м и н и с т р і н і ң

2 0 1 5

ж ы л ғы

2 0

а қ п а н д а ғы

№

1 8 - 0 3 / 1 1 8

б ұ й р ы ғы м е н

бекітілген

Зоологиялық коллекциялар жинау мен мемлекеттік есепке алу қағидаларын бекіту туралы

1. Жалпы ережелер

1. Осы Зоологиялық коллекциялар жинау мен мемлекеттік есепке алу қағидасы (бұдан әрі - Қағида) Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Заңының 9-бабы 1-тармағының 64) тармақшасына сәйкес әзірленді және зоологиялық коллекциялар жинау мен мемлекеттік есепке алу тәртібін айқындайды.

2. Зоологиялық коллекцияларға жануарлар дүниесі объектілері тұлыптарының, жұмыртқаларының, криоконсервіленген жыныс клеткаларының, препараттары мен бөліктерінің, оның ішінде хайуанаттар парктері, зообақтар, цирктер, зоологиялық питомниктер, аквариумдер, океанариумдер жабайы жануарларының ғылыми, мәдени-ағартушылық, оқу-тәрбиелік және эстетикалық құндылығы бар жинағы жатады .

2. Зоологиялық коллекциялар жинау тәртібі

3. Зоологиялық коллекциялар жинау жануарлар дүниесі объектілерін аулау, оларды жинау, сатып алу, айырбастау, сыйға тарту, Қазақстан Республикасының заң актілерімен тыйым салынбаған басқа да тәсілдермен алу арқылы жүргізіледі.

4. Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларының зоологиялық коллекциялар жинау мен оларды толықтыруы үшін Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген жануарлар дүниесінің объектілерін аулауға және жинауға Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша ерекше жағдайларда жүзеге а с ы р ы л а д ы .

5. Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілгендерден басқа, жануарлар дүниесі объектілерін Қазақстан Республикасы жеке және заңды тұлғаларының зоологиялық коллекцилар жинау мен оларды толықтыру үшін жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті орган берген рұқсаттың негізінде жүзеге асырылады.

3. Зоологиялық коллекцияларды мемлекеттік есепке алуды ұйымдастыру тәртібі

6. Зоологиялық коллекцияларды мемлекеттік есепке алу осы қағиданың қосымшасындағы нысанға сәйкес оларды жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті органның ведомствосымен зоологиялық коллекциялардың тізіліміне енгізуі жолымен жүзеге асырылады.

7. Зоологиялық коллекцияның иесі оны мемлекеттік есепке қою мақсатында қызметтерді жүзеге асыру басталғанға дейін кемінде он жұмыс күні ішінде «Хабарламалар нысандарын және Мемлекеттік органдардың хабарламаларды қабылдау қағидаларын бекіту туралы, сондай-ақ хабарламаларды қабылдауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды айқындау туралы» 2015 жылғы 6 қаңтардағы № 4 Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің бұйрығына сәйкес мекеме уәкілетті органды хабардар етеді (нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізімінде № 1 0 1 9 4 т і р к е л г е н) .

8. Мекеме уәкілетті орган зоологиялық коллекция иесінің хабарламасына сәйкес о н ы т і з і л і м г е е н г і з е д і .

9. Мекеме уәкілетті орган зоологиялық коллекция иесінің оның жай-күйі және коллекциялық экспонаттардың айналымы туралы ақпаратты жылдан кейінгі 20 наурыздан кешіктірмей беретін жыл сайынғы есебінің негізінде тізілімге енгізілген зоологиялық коллекциялар экспонаттары айналымының есебін жүргізеді.

Зоологиялық коллекциялар жинау мен мемлекеттік есепке алу қағидасына қосымша Нысан

Мемлекеттік есепке алынған зоологиялық коллекциялар тізілімі

1. Мемлекеттік тіркеу нөмірі.

2. Тіркелген күні.

3. Коллекцияның атауы.

4. И е с і .

5. Иесінің мекен-жайы және коллекция орналасқан жердің мекен-жайы.

6. Меншік нысаны (мемлекеттік ұйымдар үшін ведомстволық бағыныстылығы).

7. Коллекцияның мақсаты (ғылыми, мәдени-ағартушылық, оқу-тәрбиелік және б а с қ а л а р) .

8. Коллекцияның негізі қаланған жыл.

9. Коллекцияның сипаттамасы (тірі организмдер, тұлыптар, жұмыртқалар, құрғақ және ылғалды препараттар және басқалар).

10. Бірегей объектілердің болуы (Қызыл кітапқа енгізілген типтер, паратиптер, т ү р л е р) .

11. Коллекция құрамындағы өзгерістер (айналымы).

12. Коллекцияны сақтау (ұстау) шарттары.

13. Коллекцияның қайта тіркелгені туралы белгі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ